

<<Ақпараттық диктант>>



*1. Бірнеше рет қайталанатын әрекеттер тізбегі(цикл денесі) циклдер деп аталады.

*2. Блок-сызда циклдік алгоритмнің шарты алтыбұрышты фигураға жазылады.

*3. Шарт циклдік алгоритмнің басында немесе соңында келуі мүмкін.

*4. Алгоритм түрлері.

Сызықтық, тармақталу және циклдік алгоритмдер

Кім жылдам?



1. Компьютердің буынын ата
2. Вирус дегеніміз не?
3. Вирустар қалай тарайды?
4. Дербес компьютердің вируспен зақымдану белгілерін атаңдар
5. Қандай вирусқа қарсы программаларды білесіңдер?
6. Мұрағаттар қандай мақсатта құрылады?
7. Алғашқы есептеу құрылғысы
8. Мұрағаттауды жүзеге асыратын программаны ата.



Модель – бұл глобус және әлем картасы, жердің тартылыс күшінің формуласы, көрме стендіндегі зымыранның макеті, мектептегі биология кабинетіндегі көрнекі құралдар, әйгілі суреттердің көшірмесі. Нақты нысандарды (түпнұсқа) зерттеу мақсатында адамның қолымен жасалған нысанды – модель деп атаймыз.

Модель – нақты нысанды, құбылысты немесе үдерісті қарапайым етіп түсіндіреді.

Модельдеу – нысандарды, үдерістерді және құбылыстарды зерттеу үшін модель құру.

«Модель құру, модельдеу не үшін қажет?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, нақты уақыт барысында түпнұсқа болмауы мүмкін немесе мүлдем табиғатта жоқ болуы мүмкін.

Екіншіден, түпнұсқа көптеген қасиетке және өзара байланыстарға ие болуы мүмкін, ал бізді тек жеке бөлігі ғана қызықтыруы мүмкін.

Модельдеу кезінде алдымен нысанның немесе қандай да бір үдерістің қасиеттерін біліп қана қоймай, сонымен қатар модельдеу кезеңдерін жоспарлау да қажет

Модельдеудің кезеңдері: есептің қойылымы, модельді құру, компьютерлік модель, модельдеу нәтижесін талдау.

Модельдеу нәтижесін талдау барысында алынған нәтиженің мақсатқа сәйкес келетіндігін немесе мақсатқа сәйкес келмейтіндігі талданады.

Анықталған қате – бұл да нәтиже болып есептелінеді.

Зерттеу мақсаты ретінде мыналарды айтуға болады:

- * Қоршаған ортаны танып - білу;
- * Берілген қасиет бойынша нысанды құру;
- * Әсердің нысанға тигізер салдары;
- * Құбылыстарды, үдерістерді және нысандарды тиімді басқару.



1. Модель дегеніміз не?
2. Анықталған нәтиже қате бола алады ма?
3. Модельдеу дегеніміз не?
4. Құбылыстан, үдерістен және нақты нысаннан модельдің айырмашылығы неде?
5. Модельдеудегі түпнұсқаның маңызы.
6. Модельдеудегі негізгі кезеңдерді атаңдар



Назар аударғандарыңызға
Рахмет!